



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

25 тамыз
сейсенбі

№64 (2276)

2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ



Тәуелсіз ел тарихында халық пен билік арасындағы диалогты нығайту мақсатында елдік мәселелерді қозғаған Ұлттық құрылтайдың бес отырысы өтті. Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Президент болашақ парламенттің атауын Құрылтай деп өзгертуді ұсынған еді.

– Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қала әкімі Нұржан Ахатовпен бірге қаладағы шағын аудандарды аралап, тұрғындардың осы уақытқа дейін көтерген мәселелерінің шешілу барысын тексерді.



Аймақ басшысы бұған дейін шағын аудандарда тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру, аулаларды абаттандыру және тазалықты қамтамасыз ету бағытында нақты тапсырмалар берген болатын. Қала тұрғындары Абай даңғылы бойындағы №62 үйдің ауласына балалар ойын алаңын салып беруді және ауланы жарықтандыруды сұраған.

Аймақ басшысы аралау барысында берілген тапсырмалардың нәтижесімен танысып, бұл жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ «Астана», «Арай» шағын аудандарындағы, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлер аулаларының, көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдарының тазалығы, абаттандырылуы тексерілді.

Қала тұрғындары үшін маңызды мәселенің бірі – аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстары да тексерілді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Н.Назарбаев даңғылындағы насос қондырғысы мен құбырлар іске қосылды. Бөкейхан көшесінің Абай даңғылынан Яссауи көшесіне дейінгі ұзындығы 2 шақырым болатын арық жүйесіне су берілді. Яссауи мен Шүкіров көшесінің қиылысына насос қондырғысы орнатылып, Бөкейхан көшесінен Ф.Мұратбаев көшесіне дейінгі аралықтағы



ұзындығы 960 метр арыққа да су жіберілді. Бүгінде қаладағы 68 көшеде 98,6 шақырым арық жүйесі бар.

Аралау барысында аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тұрғындар көтерген мәселелерді уақытында шешіп, тазалық жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТОҚСАН ТҰРҒЫННЫҢ ҚУАНЫШЫ



Баспана – халықтың ең өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан да бұл саладағы жұмыстар ауқымды әрі жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Бүгінде Сырдарияның сол жағалауында бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар мен инженерлік инфрақұрылым жұмысы қарқынды. Қазір бұл аумақта 169 нысан орналасқан. Оның ішінде осы кезге дейін 136 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілген. Сонымен қатар тұрғындарға қызмет көрсететін 20 әлеуметтік және 13 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Әсіресе, халықты тұрғын үймен қамтуға баса мән берілуде. Осыған қарап, қызылордалық тұрғындарға қолжетімді баспана – арман емес деп айтсақ та болатындай. Жыл санап баспанаға қол жеткізген тұрғындардың көбеюі осы жүйелі жұмыстың нақты көрінісі екенін байқатып тұр.

Өткен аптада облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен сол жағалаудағы екі көпқабатты тұрғын үйдің 90 пәтері әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларға табысталды.

2-БЕТТЕ

Амандасу – халықтың мәдениеті мен тәрбиесінен сыр шертетін маңызды құндылықтардың бірі. Сәлемдесу арқылы үлкенге құрмет, кішіден ізетті байқауға болады. Амандасудың өз орны мен жөн-жосығы болғаны маңызды. Кейінгі кезде амандасу әдебі өзгерді. Бұрын үлкендер қол алысып амандасатын. Қазір үлкен де, кіші де, әйел де, еркек те, тіпті жігіт пен жігіт те жаппай беттен сүйіп амандасатын болды. Халқымыздың әдебіне жат, мұндай қылықтар қазақ жігіттері мен қыздарына жараспайды-ақ. Бұл көрініс қоғамда әртүрлі пікір қалыптастырып отыр.

АМАНДАСУ ӘДЕБІ



Ел тарихында алғаш рет өткен Құрылтай сайлауы өткен күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистерге берген брифингте елімізде жана жүріс-тұрыс әдебі мен қоғамдық мәдениет қалыптастыру қажеттігін айтты.

Ел Президенті ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сондай-ақ әйелдер мен ерлердің амандасу кезінде бір-бірін бетінен сүюі қазақтың дәстүріне жат екенін атап өтті.

Президент бұл бастаманы науқан ретінде емес, нақты іске бағытталған ұсыныс ретінде көтергенін айтты.

– Білсеңіз, бұл іске өзім бастамашы болдым. Науқанға емес, нақты іске. Өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім. Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес, – деді ел Президенті.

2-БЕТТЕ



ТЕҢІЗ ТҮБІНДЕГІ ИНТЕРНЕТ

НЕМЕСЕ ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Тамыздағы тамаша жаңалықтың бірі осы болды. Транскаспий суасты талшықты-оптикалық байланыс желісін салудың ең күрделі кезеңін – Каспий теңізінің табаны арқылы кабель төсеу жұмысы аяқталғанын барлық БАҚ жарыса жазды. Еліміздегі бұл ірі жоба бізге не береді, нәтижесі қандай? Оқырман көкейіндегі сұрақ осы. Бұл мақалада осы сұрақтың жауабын жазуға тырыстық. Цифрлы Қазақстан тарихындағы маңызды жобаның қалай жүзеге асып жатқаны көптің көз алдында. Теңіз түбі арқылы тартылатын, еліміздің цифрлық тәуелсіздігін

нығайтатын маңызды жоба бес жыл бұрын қолға алынған еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында бұл ірі жобаның аяқталу мерзімін атап айтқан еді: «2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз», – деді Қазақстан Президенті.

3-БЕТТЕ



АМАНДАСУ ЭДЕБИ

Мемлекет басшысының айтуынша, кішілігіне қарай қалыптасқан өзіндік мұндай қылық салт-дәстүрімізде ешқашан тәртібі болған.

— Әсіресе, әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені көзге оғаш көрінеді. Бұл не масқара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыздар ма? Еректер қолының ұшын ұстаға салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сал жымнаса ғана жеткілікті. Өрқашан солай болған. Тіпті, осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, он қолыңызды кеуденізге қойып амандаңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жаңа жүріс-тұрыс әдеби туралы мәселе көтердім, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қоғамда тазалық пен тәртіп мәдениетін дәріптеу қажеттігін де атап айтты.

– Қолымыздан келмейді деп кім айтты?! Біз де жасыл желекті жасық көреміз. Қазір Астананда, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда он өзгерістерге куә болып жүріздер. Біз оңір басшыларына жоғары талап қойдық. Осы іспен түпкілікті айналысамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында ғана емес, ой-сананың, жан дүниесінің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бірі айтқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек. Сонда ғана күллі әлемге таныламыз, – деді ел Президенті.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов Президент көптен бері ойында жүрген мәселені қозғағанын жазды. Оның пікірінше, қазақтың дәстүрлі амандасу әдібінде адамның жасына, жынысына және үлкен-кішісіне қарамастан бәрі бірдей құқылы екенін білдіретіндігі айқындалған. Ал сіз калай амандасып жүрісіз?

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ТОҚСАН ТҰРҒЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ



Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін қуттықтап, кейінгі жылдары халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жобалар іске асып жатқанын айшықтайтын заманауи үлгідегі тұрғын үйлер бой көтереді. Жаңа қоныс құтты, шаңырақтарыңыз биік, босағасы берік болсын, іші береке мен мерекеге толысын! Әр отаудан бүлдіршіндердің күлкисі

– Баршаңызга көптен күткен жаңа коңыс құтты болсын! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Колжетімді баспана арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз», – деген болатын. Бұл бағытта Сыр өңірінде байыпты бастамалар сәтті жүзеге асыру. Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін жайлы баспанаман, әлеуметтік нысандармен қамту жүйелі жолға қойылған. Бүгін кезекте тұрған жерлестерімізге аумағы 7 мың шаршы метрден асатын 90 пәтердің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз. Алдағы уақытта да шаһардың ажарын естіліп, татулық салтанат құра берсін! – деді облыс әкімі.

Іс-шарала тұрғын үйі салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, аймақта Мемлекет басшысының, үкіметтің қолдауымен соңғы төрт жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер беріліп, 30 мыңнан астам жерлесіміз баспаналы болды. Сонымен қатар 2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табысталаып, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарлануда.

Басы 1-бетте

кішілігіне қарай қалыптасқан өзіндік тәртібі болған.

– Құрылтай сайлауында Президент дауыс беріп шыққаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап берді. Сол сұбақхаттағы бір мәселе мені қатты ойландырды. Ол – өзіміздің амандасу дәстүріміз. Шынында да, қазақ бір-бірімен көп беріп амандасқан. Жасы кіші адамдар үлкен кісілерге «Ассалаумағалейкум» деп, иіліп, қолын кеудесіне қойып сәлем берген. Қыз балалар үлкендерге ізет білдіріп, келіндер алыстан сәлем салған. Міне, бұл – біздің дәстүріміз. Ал қазір жасы ма, қария ма, қыз ба, қарындас па – бәрі келіп құшақтасып амандаса береді. Кейде бұл ыңғайсыз көрінеді. Президентіміз осы мәселені дер кезінде айтып отыр деп ойлаймын. Біз ата-бабамыздан қалған амандасу дәстүрін қайта жаңғыртуымыз керек, – дейді Мереке Құлқенов.

Оның айтуынша, қазақ дәстүрінде құшақтасып көрісудің де өзіндік орны болған. Оны күнделікті сәлемдесумен шатастырмаған жөн.

— Қазақ бұрын да құшақтасқан. Бірақ алыста жүрген, айлап немесе жылдап алып көрмеген адам туған жеріне, үйіне оралғанда ең жақын адамдарымен құшақтасып амандасқан. Бұл — басқа нәрсе. Бұл күнделікті амандасу емес, сағыныштан туған қауышу. Адамдар бірін-бірі қатты сағындындықтан құшақтасқан. Сондықтан оның да өз реті бар. Біз кейде өзмізге қатысы жоқ мәдениеттерден келген дүниелерді тез қабылдап кетеміз. Бір-бірімен сүйісіп, орынсыз құшақтасып амандасу сырттан қараған адамға да ыңғайсыз көрінуі мүмкін. Президенттің осы сөзі мені қатты ойландырды. Қазақ қоғамы да бұл мәселеге мән беріп, амандасу мәдениетіне қайта қарайды деп ойлаймын, — деді ол.

Ал сіз қайлап амандасып жүрсіз?

Ал сіз қалай амандасып жүрсіз?

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Екі палаталы парламенттік жүйе тұрақты жұмыс істегенімен, кей жағдайда сан қабылдау процесін созылаңа салып, бюрократиялық кедергілер кездесіп отыр. Жаңадан жасақталып жатқан парламенттегі депутаттар саны қоғам мен саяси ортада ең қызу талқыланған әрі пікір қайшылығын тудырған басты тақырыпқа айналды. Бұл мәселеде сарапшылар мен жұмыс тобы екіге жарылды деуге болады. Бірінші тарап елдегі халық санының өсу серпінін негізге алып, депутаттар мандатын пропорционалды түрде бөбейтуді ұсына, екінші тарап халық қаулапыларының санын 500-ге дейін жеткізу қажеттігін алға тартты. Алайда Мемлекет басшысы шын мәнінде тиімді, ықшам әрі кәсіби Парламент құруды мақсат етті. Бүгінгі тақта жаңа сан шығарушы орган елдегі ауқымды реформаларға заңнамалық тұрғыдан барынша жедел әрі сапалы қолдау көрсетугі тиіс. Әлемдік озық тәжірибе де депутат санын негізгіс бөбейтудің қажеті жоқ екенін көрсетті. Демек, негізгі меже – санда емес, сапада. Қоғамнан түскен сан алуан ұсыныстарды мұқият зерделеген жұмыс тобы ұзақ талқылаудан кейін нақты байламға келіп мандат саны – 145 болып бекітілді. Сонымен қатар құрылымдық тиімділікті арттыру үшін Құрылтай төрағасының үш орынбасары болады деп жоспарланды. Бұл бюрократияны азайтып, сан шығару ісін барынша жеделдетіпке. Қоғам қажетті заңдық құжаттардың

реформаларга деген жоғары қызығушылығын көрсетті. Сайлаушылардың ең жоғары белсенділігі өткізгіс және орталық аймақтарда тіркелді. Көш басында Түркістан облысы тұр. Мұнда дауыс беру құқығы бар азаматтардың рекордтық 92,16 пайызы өз таңдауын жасаған. Одан кейінгі орынға 91,19% пайыз көрсеткішін көрсетіп науқанда айрықша серпін көрсеткен Жетісу облысы жайғасты. Ал үздік үштікті Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтайдың соңғы отырысы өткен, Қызылорда облысы



тез әрі сапалы қабылданғанын қалайды. Сондықтан алдағы жылдары Парламент қызметі түбегейлі қайта жасакталады және бұрынғыдай Мәжіліс пен Сенат болып бөлінбей, біртұтас құрылымға айналмақ.

1 шақырылымдағы Құрылтай сайлауы түзел-дірілген алғашқы жылдан бері елде өткен оныншы парламенттік сайлау әрі биыл конституциялық референдумда қабылданған жаңа Конституцияға сәйкес құрылған Құрылтайдың алғашқы сайлауы. Конституциялық реформалар мен ұзақ талқылаулардан кейін, еліміз заң шығару билігінің жаңа бесесіне қадам басты. 7 партия өзара бақталасқан Құрылтай депутатын сайлауына 9 млн 351 мың адам қатысқан. Сайлаушыларының жалпы саны – 12 605 788 адам. Орталық сайлау комиссиясының дерегі бойынша сайлауға тізімге енгізілген азаматтардың 74,19 пайызы қатысқан. «Еурасиялық интеграция институты» мәліметінше, респонденттердің 72,1%-ы Құрылтай сайлауына қатысуға дайын екенін білдірген. Олар 3-13 шілде аралығында 17 облыс пен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 1640 адамнан бетпе-бет сауалнама алынған. Ал «DATAMETRICS» ЖШС зерттеу нәтижелерін ресми сайтында тұрақты жариялап, Telegram арнасын да белсенді жүргізді. Компания 13 маусым мен 2 шілде аралығында 8000 респондент арасында жүргізілген сауалнама нәтижесін жариялаған. Оған сәйкес, 87,8% азамат Қазақстанның даму бағытын қолдайтынын, 75,6% Құрылтай сайлауына қатысуға дайын екенін айтқан. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, бұл ұйымдар қоғамдық пікірге сауал жүргізу туралы хабарлама ұсынған. Заңнамаға сәйкес, мұндай сауалнаманың осы салада кемінде бес жыл тәжірибесі бар заңды тұлғалар жүргізе алады. Қызылорда облысы бойынша 500591 азаматтың дауыс беруге құқығы бар. Облыста 386 сайлау учаскесі жұмыс істеп, 2720 комиссия мүшесі қызмет атқарды. Сайлау күні Тасбөгет кентіндегі 226 сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауын жасағандардың қатарында Қарақоз Тілеужанова да болды. Ол еліміздің өркендеуі мен дамуы үшін сайлауға атсалысуы маңызды деп санағанын жеткізді.

Аумақтық сайлау комиссиялары ұсынған ресми деректерге сәйкес, сайлау күні сағат 20.00-дегі жағдай бойынша еліміздің өңірлерінде сайлаушылардың келу көрсеткіші қоғамның саяси

Басы 1-бетте



90,75% түйінделді. Бұл аймақтың тұрғындары ел болашағы мен жаңа парламенттің жасақталуына тіркисейді атсалысып, азаматтық жауапкершілік тапты. Динамика ірі мегаполистерде басқана сипат алды. Сайлаушылардың ең төмен келу көрсеткіші Алматы қаласында тіркеліп, 43,23 пайызды құрады. Бас шаһар – Астана қаласында да белсенділік айтарлықтай жоғары болмады,

мұнда азаматтардың 51,67 пайызы ғана дауыс беру учаскелеріне келген. Дегенмен жоғары республикалық көрсеткіш бірпалаталы Құрылтай сайлауының өткенін легитимді ете алады.

Орталық сайлау комиссиясы жариялаган Құрылтай сайлауы депутаттарына дауыс беру нәтижесі бойынша «Әділет» партиясы сайлаушылардың 71,7% дауысын жинап, жеңіске жетті. «Ауыл» партиясы – 6,26 пайыз жинаса, «Respublica» – 5,56 пайыз. Ал сайлаушылардың 5,21 пайызы «Ақ жол» партиясына сенім білдірсе, Жалпыхұлттық социал-демократиялық партиясы 5,11 пайыз жинады. Қазақстан халық партиясы мен «Байтақ» жасылдар партиясының 5 пайыз дауысты жинап алмайды. Бұл сайлауда бұрынғыдай президенттік немесе арнайы квоталар бөлінбейді. Депутаттың барлығы тек партиялық тізіммен, халықтың тікелей таңдауымен ғана іріктелді. Айта кетейік, 145 депутаттық мандат жеңіске жеткен 5 партия арасында бөлінді.

Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органға айналды. Конституциялық талаштарға сай, жиырма беске толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан ел азаматы Құрылтай депутаты бола алады. Ел тағдырын сенімді тапсыратын халық қалаулыларын іріктеу процесі де толықтай демократиялық принциптерге негізделген. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіліп, Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады. Әйелдер, жастар, мүгедек адамдар партиялық тізімнің кемінде 30%-ын құрауы керек.

Еліміз Еуропаның дайын парламенттік моделін көшіріп алмай, елдің өзіндік саяси мәдениетін, элиталық құрылымын, аймақтық ерекшеліктерін мен тарихи бағытын айқындайтын бірегей гибриді жүйені қалыптастыруда. Бұл – өте маңызды әрі стратегиялық айырмашылық. Анығында, еліміздігі конституциялық реформалар басқару режимін түбегейлі өзгертуді емес, мықты мемлекеттік институттар арқылы атқарушы биліктің үстемдігін заңдық тәртіпке келтіруді көздейді.

Конституцияга сәйкес, Үкімет Құрылтайдың жаңа құрамы қалыптасқаннан кейін өз өкілеттігін тоқтатады. Алайда жаңа Үкімет құрамы жасақталғанға дейін ол өз міндеттерін атқара береді. Жаңадан сайланған 145 депутат Президент шақыратын Құрылтайдың бірінші сессиясына жиналады. Салтанатты отырыста депутаттар Қазақстан халқына ант беріп, ресми түрде өз өкілеттіліктеріне кіріседі. Алғашқы сессияда депутаттар жасырын дауыс беру арқылы Құрылтай Төрағасын сайлайды. Төрағалыққа кандидатураны Президент ұсынады. Сонымен қатар Құрылтай Төрағасының үш орынбасары сайланып, заң жобаларын қарайтын және сарапталатын сегіз тұрақты комитет құрылады. Комитеттердің басшылары да осы тәртіппен айқындалады. Ең маңызды саяси рәсімдердің бірі – Премьер-министр тағайындалу. Президент Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультация өткізгеннен кейін Премьер-министр лауазымына кандидатураны Құрылтайдың келісіміне ұсынады. Депутаттар колдаған жағдайда кандидат Премьер-министр болып тағайындалады. Одан кейін

Премьер-министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы жөнінде Президентке ұсыныс енгізеді. Президент министрлерді Құрылтаймен консультациядан кейін тағайындайды. Ал сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрлерін Президент дербес тағайындайды.

Думан КЕҢШІЛІК



ТЕҢІЗ ТҮБІНДЕГІ ИНТЕРНЕТ

НЕМЕСЕ ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Алайда түрлі себептерге байланысты жобаның аяқталу мерзімі өзгерді. Ресми дереккөздерінде жарияланғандай, биылғы 19 акпанда Нью-Делиге сапарлаған Үкімет басшысы Олжас Бектенов Үндістанның Премьер-министрі Нарендра Модимен келіссөздер барысында бұл ірі жобаның тәмамдалуының жана мерзімін жариялады.

– 2026 жылы әзербайжандық серіктестерімізбен бірлесіп, Транскаспий талшықты-оптикалық желісінің құрылысын аяқтауға тиіспіз. Бұл жаяндық деректер трафигі үшін ең қысқа балама маршрутты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қазақстанға Шығыс пен Батыс арасындағы цифрлық көпір болуға жол ашады, – деді премьер-министр Олжас Бектенов.

Ал 15 мамырда Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымы Мемлекет басшыларының саммитінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев екі ел арасындағы байланыс желісін іске қосуды жеделдетіп жатқандарынын жеткізген еді: «Түркі мемлекеттерімен цифрлық даму саласындағы ынтымақтастық табысты жалғасты. Алдағы айларда Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалануға беру жоспарланып отыр», – деп атап өтті Әзербайжан Президенті.

Ал тамыз айының басында сүйіншілеген жаналық шартарапты шарлап кетті. Теніз түбінен интернет тарту жұмысының ең күрделі кезеңі аяқталғаны ел Үкіметінің парақшасында жарияланды. «Елімізде телекоммуникация саласындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобаның бірі – Каспий теңізінің түбі арқылы тартылған Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТТОВБЖ) салудың негізгі кезеңі аяқталды. Суасты кабелі Қазақстан жағалауына сәтті жеткізіліп, «Қазақтелеком» АҚ мен AzerTelecom International компаниялары жүзеге асырып жатқан жобаның ең күрделі бөлігі бітті», – дегенін ресми хабарламада.

Ресми акпаратка сүйенсек, «Ақтау – Сумгайыт» бағыты бойынша өтетін жана маршрут Қазақстан мен Әзербайжанның цифрлық инфрақұрылымын біріктіріп, Азия мен Еуропа арасындағы деректерді жоғары жылдамдықпен тікелей жеткізетін дәлізге айналмақ. Жобаның халықаралық байланыстың сенімділігін арттырып, екі елдің транзиттік әлеуетін күшейтетіні алға тартылды. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жобаны жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік, ұйымдастырушылық және кедендік рәсімдердің орындалуын қамтамасыз еткен. Ведомствоның дерегінше, жоба жұмыстары нақты 2025 жылы, алуаусты кабелін төсеулеріне басталады. Құрылыс тәуілдісіне қарамастан, жоба жұмыстары 2026 жылдың шілде айында басталған. Құрылыс тәуілдісіне қарамастан, жоба жұмыстары 2026 жылдың шілде айында басталған. Құрылыс тәуілдісіне қарамастан, жоба жұмыстары 2026 жылдың шілде айында басталған.

жүргізілігін байкайсыз.

— Дайындық кезеңі аясында 2025 жылы камералық және теңіздік инженерлік ізденістер аяқталып, якорь тұрақтары мен әскери оқу-жаттығу аймақтарын айналып өтетін, онтайлы бағыт анықталды. Манғыстау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан экологиялық рұқсат алынды.

Сонымен қатар Қытайда ROPA типті оптикалық күшейткіштері бар арнайы брондалған кабель өндіріліп, зауыттық тестілеуден сәтті өтті.

Одан кейін жоба теңіз жұмыстарының белсенді фазасына көшті.

Қызыл ортаңа

Бұған дейін Қытайдан Құрық портына жеткізілген оптикалық кабель мен жалпы салмағы 600 тоннаны құрайтын үш үлкен тасымалдау себегі (баскет-корзина) арнайы логистикалық кемеге жүктеліп, Бакуге жеткізілді. Бүгінгі таңда бұл көлік себеттері толығымен босатылып, барлық цифрлық артерия тікелей кемедегі арнайы cable tank-ке сәтті тиелді. Осылайша, кеме Баку портынан шығып, Ақтау портына қарай құрылысына кірісті.

Осылайша, кеме Баку портынан шығып, Ақтау портына бағытында жел құрылысына кірісті.

Осындай күрделі міндетті орындау үшін динамикалық ауыстырудың озық жүйесімен жабдықталған, су сыйымдылығы 20 000 тоннадан асатын ең қуатты кабель төсеуші кеме тартылды.

Борпта техникалық



қадағалау мамандары мен «Қазақтелеком» өкілін қоса алғанда, 70 экипаж мүшесі жұмыс істеуде. Жоба «Қазақтелеком» АҚ және «Azertelecom Int.» ЖШС құрған CaspiLink B.V. (бұрынғы Caspinet B.V.) бірлескен кәсіпорны арқылы жүзеге асырылуда. Кеме палубасында төтенше жағдайлар немесе үзілістер орын алған жағдайға арналған арнайы түйістіру бөлмесі (Joining Room) орнатылған. Қазіргі уақытта онда кабельдің екі ұшы – қазақстандық және азербайжандық бөліктері орналасқан, ал барлық талшықтар мен оптика сынақтан өтіп үлгерді.

Қолдайлы ауа райы жағдайында суасты кабелін тікелей төсеу жұмыстарын аяқтау 15-20 күн ішінде күтіледі, ал резольюцияға сәйкес барлық технологиялық жұмыстар мен іске қосу-жөндеу кешенін іске асырудың жалпы мерзімі 2026 жылдың соңына дейін белгіленген, – деп жазылған министрлік хабарламасында.

Бүгінде жобаның ең күрделі кезеңі аяқталды. Еуропа мен Азия арасындағы цифрлық көпір болатын бұл жоба цифрлы Қазақстанның жаңа дәуірі десек те болады.

– Біз Транскаспий суауы талшықты-оптикалық байланыс желісін салудың ең күрделі кезеңін – Каспий теңізінің табаны арқылы кабель төсеу жұмыстарын аяқтадық. Жаңа маршрут Қазақстанның әлемдік деректерді беру желілерімен цифрлық байланысын күшейтіп, жасанды интеллект, «бұлтты» технологиялар және заманауи деректерді өңдеу орталықтарынан одан әрі дамытудың негізін қалайды. Цифрлық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамыта отырып, Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық цифрлық көпір ретіндегі ұстанымын нығайта түсуде, – делі жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Мамандар пікірне сүйенсек, ірі жоба жоғары жылдамдықтағы цифрлық магистраль қалыптастыратыны сөзсіз.

Мамандар пікіріне сүйенсек, ірі жасап жатқан
ифрлық магистраль қалыптастыратыны сөзсіз.

цифрлық магистраль қалыптастыратыны сөзсіз.

– Бұл жоба кез келген деңгейдегі күрделі инфрақұрылымдық міндеттерді рекордтық мерзімде жүзеге асыра алатынымызды дәлелдейді. Біз сигналдың кірісі барынша аз болатын жоғары жылдамдықты цифрлық магистраль қалыптастырып жатырмыз. Ол халықаралық трафик сенімділігінің жаңа стандарттарын белгілейді. Бұл – желіміздің тұрақтылығына салынған инвестиция әрі әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымға қол жеткізетін бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер, – делі «Қазактелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин.

... мегажоба бізге не береді?

Ал әлем назарын аударған мегажоба бізге не береді? Кабельдің жалпы ұзындығы шамамен 380 шақырымды құрайды. Ол Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы тікелей цифрлық байланысты қамтамасыз етіп, өңірдегі интернет инфрақұрылымының сенімділігі мен өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Жоба толық аяқталғаннан кейін байланыс желісінің өткізу қабілеті секундына 400 терабитке дейін жетеді. Бұл ауқымды көлемдегі деректерді өте жоғары жылдамдықпен тасымалдауға жол ашып, халықаралық интернет-трафикті тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша жана байланыс желісі Еуропа мен Азия арасындағы цифрлық дәлдізді дамытуға үлес қосып, Қазақстанның өңірлік цифрлық көбейтіндісі әлеуетін күшейтеді.

Бұл – Қазақстанның цифрлық транзиттік әлеуетін бекітетін, цифрлық инфрақұрылымды әртараптандыруымен маңызды. Еліміз халықаралық трафик транзитіндегі үлесін келер жылы 1,5%-дан 5%-ға арттыруды көздеп отыр.

Мемлекет басшысының қиырдағы жай ғана экономиканың бір саласы ретінде ғана емес, оны елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын бірден бір стратегиялық бағыт ретінде айтқандауы міне бүгінгі Каспий ТОБЖ жобасынан да айқын көрінеді.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және қиырлық даму министрі Жаслан Мәдиев әлі аяқталмағанына қарамастан, бұл бағытты пайдалануға қатысты сұраныстар бүгінгі таңда қиырлық даму хабарлады.

– ТҮӨБЖ биылғы жыл соңына қарай, бері дегенде, III тоқсан соңында іске қосылуы керек. Тіпті әзірге қолданысқа берілмеген осы бағыт арқылы интернет-трафикті өткізу үшін басқа мемлекеттерден өтінімдер қазірдің өзінде келіп түсу үстінде, – дейді министр.

Теніз түбінен интернет тарту жұмысының ең күрделі кезеңі аяқталғаны елдік басқару органдарының бірі – Каспий теңізінің түбі арқылы тартылған Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТТОБЖ) салудың негізгі кезеңі аяқталды. Суасты кабелі Қазақстан жағалауына сәтті жеткізіліп, «Қазақтелеком» АҚ мен AzerTelecom International компаниялары жүзеге асырып жатқан жобаның ең күрделі бөлігі бітті».

Ресми
акпаратқа
сүйенсек,
«Ақтау –
Сумгайыт» бағыты
бойынша өтетін жаңа
маршрут Қазақстан мен
Әзербайжаннан цифрлық
инфрақұрылымын
біріктіріп, Азия мен Еуропа
арасындағы деректерді
жоғары жылдамдықпен
тікелей жеткізетін
дәлізге айналмақ.
Жобаның халықаралық
байланыстың
сенімділігін арттырып,
екі елдің транзиттік
әлеуетін
күшейтетіні алға
тартылды.

Қазақ даласының әр төбесі – тұнған тарих. Тілін тауып сөйлетсе, алсаң, әңгімешіл. Жер әңгімешіл болған соң, онымен етене өскен ел әңгімешіл. Бұл мақалада жер тарихы жайлы әңгіменің алғашқы парағын ашуға талаптандық. Әрі қарай зерттеймін, зерделеймін деген көкірегі ояу, көзі ашық елжанды ұланға жолашар жасадық. Өйткені өз елінің, жерінің тарихын білген өрен ғана еліне, жеріне қызмет ете алады. Жалпы жер-су аттарын жердің табиғи бедері мен бейнесіне байланысты ел-халық береді. Осы аймақта ғұмыр кешіп, аты қалған арда азаматтардың, малшы-шопандар мен байлар, елге тұтқа болғандардың атымен аталған, тарихи оқиғаға байланысты қойылған болып жіктеледі.

АРАЛАП ҚАЙТАЙЫНШЫ САР ДАЛАМДЫ

Көктемдегі «Сарысудың» мол суы шайған өзеннің қолтық-қолтығы көкке оранып кілемдей құлпырады. Көгі ат шашасын жапқан жайлауды жайлаған Найман – мал мен жаннан тілеуі болған жомарт жан. Сән-салтанаты келіскен бай үйіне ат басын бұрып шөлін қандырып, түстенбой кететіндер некен-саяқ. Бүгінгі жүргіншінің жөні бөлек. Үстінде киім деуге келмейтін жамау-жамау лыпа ілген бір міскін табалдырықтан аттай бере талықсып, арқасын босағаға сүйеп отыра кетті. Сусын ішіп жан шақырған жігіттің Созақты бетке алып қалың тама ағайындарына қашып бара жатқаны белгілі болды. Байдың екі баласының жаз шыға серілік құрып, той тойлаудан қолы босап шаруаға қарайлайтын уақыты да жоқ. Барар жерінде ет жүрегі елжіреп күтіп отырған жақыны жоқ, жан бағып жүрген келеді шаруаға жегіп, байдың қолы ұзарып сала берді. Еп-себі бар жігіттің қолы тиген жұмыс оясын тауып орындалып жатты. Ауылдағылар Құл атап кеткен бұл жігіт тамағы тойып, киім бүтінделген соң тыйланып бір көрім зінгіттей жігіт болып шыға келді. Шаруа жайын Құла табыстаған байдың көңілі демделіп:

– Таңдаған қызыңды айттырып отау үй етемін. Тек қалауыңды айт! – деді Құлдың арқасынан қағып.

Құлдың қалауы ажары мен ақылы асқан байдың қызы Айманда. Қыз да кетері емес. Күндердің күнінде Айман Құла:

– Еліңе барып, бетімді ашып, ағайынның үйінен оң босаға аттап, келін болып түсейін. Өкем босаға аттаған соң батасын берер, – дейді.

Жараулы екі атпен азық-түлігін сайлаған екі ғашық түн қаранғысын жамылып, жолға шықты. «Сарысудан» Сырға құлайтын көш жолынан қиястау кетіп, із тастап батысқа бет алды. Таң ата қыз бен жігіттің қашқаны белгілі болып, бай құғыншы аттандырды.

Бесін ауа ауылдан алпыс шақырымдай ұзаған екі жас түскі асты ала бергенде құғыншылар да жетіп тап басады. Құл қата тиген соққыдан сол жерде жантәсілім етеді. Іздеушісі жоқ Құл бейбақ шала-шарпы көміліп, төмпешік болып қала берді.

Қаныпезерліктің белгісіндей болып, Сыр мен қырдың қиылысар тұсы – Кемердің бір биіктеу тұмсығы «Құл» аталып тарихта қалды. Озырлыққа жаны төзбеген нәзік ару Айман он-он бес шақырым жүргеннен соң, ол да үзілді. Сүйгеніне қосыла алмай қор болған Айманның жан тапсырған жері «Айман», әрірегі «Айман сор» аталады.

«Обалы» – аумағы он шақырымдай болатын қазан шұңқырдың табанындағы бұлаққа дейін бес шақырымдай болатын Табиғат-ана ойып орнатқан алып аңғар. Көкірім «Сарыапан» бетіндегі оба «Ана белгісі» аталады. Ол – қыр мен Сырға атағы бірдей жайылған Ахмет ишан Оразайұлының анасы қайтыс болғаны жайлы қаралы хабарды естірген жер.

Ұлы дарияның бір арнасы «Көксу» су жолы бойындағы көлдерді толтырып, дарияға қайта құятын кездері болған деседі қариялар. Сол кезде Тағай Әлпейіс ұста «Көксуға» көпір салады. Сол көпірдің аузында отыратын Оспан Тағайдың атымен «Оспан көпірі» аталып кетеді. «Сәдірдің сарайы» аталатын бұл мекен – бізден бұрын өткен талай жолаушының

шаршаса түнеп, шөлдесе шөлін басқан, екі дүниенің сауабының егініне дән сепкен Сәдірдің сарайының орны. Сыр қазақтарын егіншілікке үйретіп, Арқа мен Сырдағы жолдың бойында малға да, жанға да жағдай жасап сарай салдырған, темірден түйін түйген кезінде Жолбарыс соққан бұл жер туралы талай аңыз әңгімеге жастай қанық едік.

Қаладан 38 шақырым шыққанда қыр мен Сырдың шекарасында «Дарбаза» құмы кездеседі. Созылып жатқан құмтөбенің ортасында жол өтер қақпасы бар жотадан асқан соң жер бедері өзгеріп сала береді. Одан әрі 40-50 шақырымға созылған әйгілі дариялықтың тақыры басталады. Ұзындығы бірнеше шақырымға созылар айтақыр көктемде қар суымен қак болып шеті-қиыры жоқ айдын көлдер шалқып жатады. Аттың тізесінен аспайтын қактың арасы, ойдым-ойдым құмтөбе, арал-арал бұйратты раң, жусан, арпақан ерте көктеп, малдың аузы көкке тиіп, тіпті қунап кетеді.

Одан әрі тақырдан шақырымдай болатын қашықта топырақ үйіп, жолаушыға белгі болу үшін «Үштаған» жатыр. «Бекшенің құмын» асып, Қызылордадан 53 шақырым шыққанда «Шұңқырқөңіне» құлаймыз. Төңкеріске дейін арқан бойы терең құдығы сексеуілмен шегенделген, кейін бетон құдығы болған, екі жағында бір көш жерге дейін су жоқ. Талайлардың шөлі қанып, түнеп аттанатын бұл мекен елсіз болмаған. «Шұңқырқөңіне» жеткен соң қозы көш батысқа бұрылып, «Жыңғылдықакқа» бет түзейміз. Бұл жерде екі айдай қой төлдетіп барып, тағы қырға беттейміз. Өткен ғасырдың 65-жылдарына дейін жер от, төрт түлік қыстан күйлі шыққан жылдары «Айман» асып барып тоқтайтын көш малдың жайымен осы арадан бөлек-бөлек отар болып, төл төгіні науқанына кірісіп кетеді.

«Қатынқұмы» деп аталатын жерге дейін ферма малшылары тыйланып алған соң «Сарысуды» бет алып жаз бойы малдың жайымен көше береді.

«Сөктің құмы» – «Қызылорда-Жезқазған» жолының жетпіс алтыншы шақырымындағы құмтөбенің аты. Қырдағы найман ағайындар Сыр бойына керуен тартып базарға мал сатып азық-түлігін алып, еліне қайтар жолда осы құмға ерулейді. Сыр бойындағы ағайындар дайындаған тары сөгінің дәмі аузынан кетпеген бай тарыны шикілей жейді. Мол қарбытып жеген сөк асқанға түсіп, күпті болып жантәсілім етеді. Арыстай азаматтың жығылған жері «Сөктің құмы» аталып кетеді.

Бір көштік жерден көзге шалынатын биік төбе – «Қалмас». Кезінде таң атқаннан жолаушының бір қапталынан көрініп тұратын болғандықтан, осылай аталып кеткен. Өсіресе, жоқ іздегенге таптырмайтын мекен. Айнала күншілік жер көрінетін тақырлы жазық. Кейін мол сулы скважина қазып, қыр мен Сырдың арасына қол шеккен талай жолаушының қажетіне жараған. Басында көлік тұрағы, асхана, жатағы бар аялдама бекетіне айналған.

Одан әрі «Қарамола» аталатын алқап басталады. Дариялықтың тақыры аяқталып жер оты, қалың шөбі, жыңғыл бұталары қалыңдай түседі. Шығысы «Телікөл», батысы «Батпа-Зәуре», «Тайлақты» қуып барып «Қосшынырау» арқылы Қармақшының тұсынан ұлы дария – Сырдарияға құлаған сулы, нулы өлке.

Одан әрі жер бедері өзгеріп, қырдың кемері басталады. Жері жусан мен баялыш өскен жазық жон. Осы жонға жете алмай қос қарашоқат болып, қос мұңлық Батпа мен Зәуре жатыр. Кемердің басында Сәдірдің ғашығы Күзембікені Ақтай болыс інісі Тайлаққа қалыңын төлеп алып берген. Екі балалы болғанда Сәдір ғашығын екі салт атпен Сырға қайта алып қашады. Бұл қорлыққа шыдамаған Тайлақ атына мініп шаба жөнеледі. Сол шапқаннан шауып келе жатып аттың шылбырын мойнына тұзақ етіп салып, өзін аттан лақтырып, тымақтай тастап жібереді. Кемердің басындағы жалғыз мола – Тайлақтың моласы. Сол жер «Тайлақ» аталып кетеді.

Тағы бір аңыз Тайлақ атты аңшы жігіт болыпты деп айтылады. Қырға атағы жайылған Тайлақ көбіне қақпанмен қасқыр аулайды екен. Бірде қасқырды індетіп, ізіне түсіп келіп апанына кезігеді. Қақпан басып әуелі құртқасын қолға түсіреді. Көзі жылтырап жатқан бөлтіріктерін алмақ болып апанды қаза бастағанда, опырылып құлап, аңшы бөлтіріктермен бірге топыраққа бастырылып қайтыс болады. Арқандаулы атты көріп келген ізшілер сол жерге жерлеп кетеді. Аңшының қорымы «Тайлақ» аталып кетеді. Осы жерде «Қарамола», «Қызылтам», «Құланбай тамы» қорымдары бар. Кейін Құланбай күмбезі жөндеуден өтіп, мемлекет қамқорлығына алынған тарихи ескерткіштер санатына жатқызылды.

Жолдың он жағы – «Телікөл» алқабы. Жолбарыс жортқан ну қамыс тоғайлы «Телікөлдін» бір шетінен екінші шетіне жүрдек атпен бір күнде зорға айналып жететін еді дегенге кейінгілерді сендіре қою қиын.

«Сарысуды» «Серіз сай» мен «Телікөл» тел еміп, қатар жатқан көл болғасын «Телікөл» атаған деп топшыладық. «Жерінің аты – елінің хаты» энциклопедиялық анықтамалығы «Телікөл» – бір заманда екі өзен «Шу» мен

«Сарысу» күйған ортақ көл мәніндегі атау» деп жазады. Төркіні телу. Көлдің жоғарғы жағында Түкі Найман Қаратай Әжінің қыстауы мен Ахмет ишан қыстауы, мешіті қатар жатыр. Қаратайұлы Қожасбай мен Ахмет ишанқызы Биібараны үйлендіріп құда болған жандар. Міне, текті ұрпақтардың жалғасы 1910 жылы осы «Телікөнде» туып, кейін Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақ Совет энциклопедиясының тұңғыш бас редакторы болған Мұхамеджан Қаратаев еді.

«Обалы» мен «Орыс қазғанға» дейінгі аралықта «Көкірім Сарыапан» деп аталатын ұзындығы жиырма шақырым болатын терең аңғар жатыр, жағасы толған бұлақ. Сол бұлақтың бойында бесарықтық Ұзақбай Көрпебаев деген шопан бір жаз қой төлдетіп, жайлады. Көктемде қой төлдем кезінде жас төлдеген қой бір бөлек, қозылары аяқтанғаны бір бөлек, әлі туа қоймағаны бір бөлек жайылып, шаруа бір қолын екі ете алмай жататын қарбалас шақ. Ауыл маңында кеше ғана туған қозылы қойды бұлақ басына суармаққа айдап келе жатқан осы үйдің келіні Гүлмира қасқырды көріп абырпап қалды. Айқайлайын десе, дауысы шығар емес. Таяқ тастам жерде қара үйдің алдында екі баласы қаннен-қаперсіз ойнап жүр. Жары Қажак та қой қайырып қыр асып кеткен бе, көріне қоймады. Бір жағы жас төлдеген мал, бір жағы өз ұрпақтарын жазым ете ме деп, жаны мұрнының ұшына келіп ышқынған ана бұлақ басында жатқан ескі құманды ала сала қасқырға ұмтылды. Қасқыр бір қақпанда балтырын жырып өтті. Қайта айналып қаппақшы болған қасқырды қара құстан ескі құманмен соғып үлгірді. Үрей мен ұрпағы үшін жанталасқан ананың соққысының қатты болғаны сондай, қасқыр сол жерде үзіліп түсті. Шабуылдап атасы да, жары да келе қалды. Қарапайым жас ана Гүлмира «қасқыр соққан келін» аталып кетті.

Одан әрі бір жоннан асамыз. Көлемі бұдан да үлкен ойпан, ұзыны жүздеген шақырымға созылған тереңге құлдилап бересіз. Бұл жер 1966 жылы көктем айында орыс мамандары скважина қазғандықтан, «Орыс қазған» атанған. Бір жағы бес-алты отарға суы да, жер жайылымы да еркін жететін құнарлы алқап жатыр. Оның батысында «Ақша қалған», «Өтеп қазған» аталатын мол сулы бұлақ, апандар бар. «Ақша қалған» жайлы аз-кем әңгіме қылайын.

Тағайбек, Аман деген ерлі-зайыпты шопанмен ұзақ жылдар бойы жаз жайлауы, қыс қыстауымыз бірге болатын. Он бала өсіріп-тәрбиелеген шаруа баққан момын жандар еді. Тағайбек – анасы Қаншайыммен жалғызділікті өскен Таздар руының жігіті. Қаншайым әжеміз самаурыңа шай қойғанда шоқтық жалаң қолымен жылдам салып қайнатып жатқанын көріп, үйге айтып келетінбіз. Сол әжеміз үйді көшіруге келгендермен асығыс тиіп, жүкті сілкілеп қағып жүргенде орамалға түйген бір бума ақша жұртта қалып қояды. Шопандардың айлығы молайған кез. Сарысу бойына көшкен Тағайбек ертеніне таң қылаң бере жүрдек атымен жетсе, ақша жұртта жатыр екен. Осы оқиғадан соң бұл жер «Ақша қалған» деп аталады.

«Өтеп қазған» жайлы айтсақ, ашаршылықтың ашы дәмін татқан ел қатты күйзеліске ұшырайды. Халық бірді екі ете білетін пысық жандардың арқасында аман қалды. 1935 жылы аудан басшылары бір топ малшыны Ақтөбеге мал айдап әкелуге аттандырады. Алыс сапарға аттанған алты-жеті кісінің бірі Өтекең екен. Бес-алты айда арып-ашып айдап жеткізілген малды аудандағы барлық қолхоздарға бөліп береді. Біздің шаруашылыққа тиесілі болған елу бес саулық, бес кошқар Өтекеңе сеніп тапсырылып, өз төлі есебінен көбейту міндеттеледі.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,

Халықаралық Жазушылар одағының, Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі, өлкетанушы

Қаладан
38 шақырым
шыққанда қыр мен
Сырдың шекарасында «Дарбаза»
құмы кездеседі. Созылып жатқан
құмтөбенің ортасында жол өтер
қақпасы бар жотадан асқан соң жер
бедері өзгеріп сала береді. Одан әрі 40-50
шақырымға созылған әйгілі дариялықтың
тақыры басталады. Ұзындығы бірнеше
шақырымға созылар айтақыр көктемде қар
суымен қақ болып шеті-қиыры жоқ айдын
көлдер шалқып жатады. Аттың тізесінен
аспайтын қақтың арасы, ойдым-ойдым
құмтөбе, арал-арал бұйратты раң,
жусан, арпақан ерте көктеп,
малдың аузы көкке тиіп,
тіпті қунап кетеді.

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардың пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3326 Тапсырыс №1449

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК